

**8D10102 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD)
философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Радиоактивті қалдық қоймалары жақын орналасқан елді мекендердегі
халықтың қатерлі ісік аурушандық қаупін бағалау және оны
төмендетудің тиімді әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы
Ілбекова Құралай Бақытбекқызының
диссертациялық жұмысына
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ**

Ілбекова Құралай Бақытбекқызы 2020 жылы «Астана медицина университеті» КеАҚ докторантурасына 8D10102 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылданып, 2023 жылы оқуын аяқтады. Бұған дейін ол радиобиология және радиациялық қауіпсіздік саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, радиациялық факторлардың адам денсаулығына әсерін зерттеуге белсенді түрде қатысқан.

Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы - «Радиоактивті қалдық қоймалары жақын орналасқан елді мекендердегі халықтың қатерлі ісік аурушандық қаупін бағалау және оны төмендетудің тиімді әдістерін жетілдіру» - зерттеушінің кәсіби қызығушылықтары мен тәжірибесіне, сондай-ақ бұл мәселенің өзектілігі мен шешілмеген қырларына байланысты дербес таңдалған. Тақырып Қазақстан үшін әлеуметтік және медициналық тұрғыдан айрықша маңызға ие, себебі уран өндіру және өңдеу аймақтарындағы тұрғындардың денсаулығына радиациялық факторлардың әсері толық зерттелмеген.

Ілбекова Құралай Бақытбекқызының ғылыми материалдарды жинау, өңдеу және статистикалық талдау әдістерін жетік меңгерген. Диссертациялық зерттеу нәтижелерін өзі талдап, интерпретациялап, оларды ғылыми конференцияларда табысты түрде баяндады.


Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 10 ғылыми еңбек жарияланды, олардың ішінде Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда – 4 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдарда – 4 мақала, халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында – 2 тезис жарияланды. Сонымен қатар, әдістемелік ұсыным әзірлеу және авторлық куәлік алу жұмыстарына қатысып, ғылыми жаңалықтарды тәжірибеге енгізуге үлес қосты.

Докторантурада оқу барысында Ілбекова Құралай Бақытбекқызы өзін тәртіпті, жауапкершілігі жоғары, ғылыми ізденімпаз әрі талапшыл маман ретінде көрсетті. Ол ғылыми және педагогикалық қабілеттерін ұштастырып, болашақ кәсіби қызметінде жоғары әлеуетке ие екенін дәлелдеді.

Қорытындылай келе, Ілбекова Құралай Бақытбекқызының диссертациялық жұмысы ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды жаңа нәтижелерді камтитын аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен «Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына толық сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, диссертант Ілбекова Құралай Бақытбекқызын философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге және 8D10102 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші: м.ғ.д., профессор,
«АМУ» КеАҚ Радиобиология және
радиациялық қорғау ҒЗИ
Құрметті директоры**


«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
СТАНДАРТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН РАСТААУ
АДАМИ РЕСУРСТАРДЫ ДАМУ
ДЕПАРТАМЕНТИНҢ ДИРЕКТОРЫ

П.К. Қазымбет